

"Шығыстардың, оның ішінде жасасқан азаматтық-құқықтық мәмілелерге қатысты тіркеу міндетті болып табылатын шығыс түрлерінің экономикалық сыныптамасы ерекшеліктерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 19 желтоқсандағы № 588 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 14 қарашадағы № 491 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 23 қарашада № 8093 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 30 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 27.01.2016 № 30 бұйрығымен.

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Шығыстардың, оның ішінде жасасқан азаматтық-құқықтық мәмілелерге қатысты тіркеу міндетті болып табылатын шығыс түрлерінің экономикалық сыныптамасы ерекшеліктерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 19 желтоқсандағы № 588 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2008 жылғы 26 желтоқсандағы № 5419 болып тіркелген) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Шығыстардың, оның ішінде жасасқан азаматтық-құқықтық мәмілелерге қатысты тіркеу міндетті болып табылатын шығыс түрлерінің экономикалық сыныптамасы ерекшеліктерінің тізбесі осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджеттік рәсімдер әдіснамасы департаменті (Қалиева А.Н.) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз е т с і н .

3. Осы бұйрық 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Жәмішев

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы

м и н и с т р і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

1 4

қ а р а ш а д а ғ ы

№ 491 бұйрығы

Шығыстардың, оның ішінде жасасқан азаматтық-құқықтық мәмілелерге қатысты тіркеу міндетті болып табылатын шығыс түрлерінің экономикалық сыныптамасы ерекшеліктерінің тізбесі

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Ерекшелігі	Атауы	Азаматтық-құқықтық мәмілені міндетті тіркеуді талап ететін шығыстардың түрлері	Ескерту
1	2	3	4	5	6	7
1				Ағымдағы шығындар		
	1			Тауарлар мен қызметтерге шығатын шығыстар		
		120		Жұмыс берушілердің жарналары		
			123	Міндетті сақтандыру жарналары	Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген мемлекеттік мекемелердің қызметкерлерін мемлекеттік міндетті жеке сақтандыруға көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруға	Тауарларды (жұмыстар мен қызметтерді) беруге азаматтық-құқықтық мәмілелерден басқа, әкімшісі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі болып табылатын «Сыртқы саяси қызметті үйлестіру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша Ресей Федерациясындағы Сауда өкілдігінің Қазақстан Республикасының шетелдегі елшілігінің шотына айырбастау және кейіннен аудару үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шоттарына соманы аудару кезінде. 100 еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомаға шығыстар бойынша төлемдерді азаматтық-құқықтық мәміле жасаспай жүргізу құжаттарды растайтын қосымшасыз, төлеуге берілетін шоттың негізінде жүзеге асырылады.
		140		Қорлар сатып алу		
						Тауарларды (жұмыстар мен қызметтерді) беруге

			141	Азық-түлік өнімдерін сатып алу Жеке пайдалану үшін мемлекеттік мекемелердің тамақ өнімдерін сатып алуы және сақтауы; арнайы тамақ мал азығы; кәсіби және ерікті апаттық-құтқару қызметінің және құрамаларының құтқарушылары үшін азық-түлік сатып алу; әскери қызметшілердің, мерзімді қызметтің, әскери оқу орындары, ішкі істер органдарының оқу орындары курсанттарының, айыпталғандардың, күдіктілердің және қылмыс жасауға айыпталғандардың азық-түлігін төлеу; «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысына сәйкес мемлекеттік мекеменің штат санында аспазшылар көзделген жағдайда, мектеп асханаларында тамақ өнімдерін сатып алу	азаматтық-құқық тық мәмілелерден басқа: мерзімді қызмет әскери қызметшілері үшін темекі өнімдерінің орнына ақшалай өтемақы төлеу кезінде; тамақ құнының шегінде балаларға және ата-анасының қарауынсыз қалған балаларға демалыстарында, демалыс және мерекелік күндері туыскандарының немесе жекелеген азаматтарды отбасыларында болған уақытында, сондай-ақ ауырған кезеңінде өтемақы төлеу кезінде; ыстық тамақ болмаған кезде бастауыш, орта және жоғары кәсіби білім беретін оқу орындарының ата-анасының қарауынсыз қалған жетім балалар қатарынан студенттер мен оқушыларға тамақ орнына ақшалай өтемақы төлеген кезде; спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернат оқушыларының демалыс және олардың оқу-жаттығу жиындарында болғанда тамақтануы кезінде; энергетикалық шығындардың орнын толтыру үшін берілетін тегін тамақтандыру орнына өтеусіз негізде қан тапсыруды (донацияны) жүзеге асыруы үшін донорларға ақшалай төлемақы төлеу кезінде. 100 еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомаға шығыстар бойынша төлемдер шарт жасаспай шот-фактураның немесе тауарларды беру туралы жүкқұжаттың (актінің) немесе орындалған жұмыстар актісінің немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа да құжаттың көшірмесін қоса бере отырып төлеуге берілген шот негізінде жүзеге асырылады.
--	--	--	-----	---	---

			142	Дәрі-дәрмек және медициналық мақсаттағы өзге де құралдарды сатып алу	Қан, биопрепараттар, дәрі-дәрмектер және таңу құралдарын, сондай-ақ ветеринарлық препараттар, атрибуттар мен ветеринарлық мақсаттағы заттарды сатып алу	Донорға ақшалай өтемақы төлеу азаматтық-құқық тық мәміле жасамай жүргізіледі. 100 еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомаға шығыстар бойынша төлемдер азаматтық-құқықтық мәміле жасаспай жүргізу шот-фактураның немесе тауарларды беру туралы жүккұжаттың (актінің) немесе орындалған жұмыстар актісінің немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа да құжаттың көшірмесін қоса бере отырып төлеуге берілген шот негізінде жүзеге асырылады. Корпоративтік төлем карточкасын пайдалана отырып, сондай-ақ қолма-қол ақшаға мемлекеттік мекеменің мұқтажына арналған дәрі қобдишаларын, сондай-ақ дәрі-дәрмектер мен медициналық мақсаттағы өзге құралдарды (дәрі қобдишасын толықтыруға арналған дәрі-дәрмектер мен таңу құралдарын) сатып алумен байланысты шығыстарды төлеу кезінде азаматтық-құқықтық мәміле тіркеу талап етілмейді.
			143	Заттық мүліктерді, нысанды және арнаулы киім-кешектер сатып алу, тігу және жөндеу	Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мүліктік керек-жарақ заттарын және басқа пішімдік және арнайы киім-кешектерді сатып алу, тігу және жөндеу	Мүліктік керек-жарақ заттарын, пішімдік және арнайы киім-кешектерді сатып алу орнына ақшалай өтемақы төлеу кезінде тауарларды (жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді) беруге азаматтық-құқықтық мәміле жасалмайды. 100 еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомаға шығыстар бойынша төлемдер азаматтық-құқықтық мәміле жасаспай жүргізу шот-фактураның немесе тауарларды беру туралы жүккұжаттың (актінің) немесе орындалған жұмыстар актісінің немесе Қазақстан Республикасының

					заңнамасында белгіленген басқа да құжаттың көшірмесін коса бере отырып төлеуге берілген шот негізінде жүзеге асырылады.
		144	Отын, жанар-жағар май материалдарын сатып алу	Әр түрлі отынды сатып алу, тасымалдау, тиеу, түсіру және сақтау	Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштерінің, әскери-көлік авиациясының ұшып өтуін жүзеге асыру кезінде ЖЖМ құнын, Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының алыс және жақын шетелге қызметтік іссапарларын төлеумен байланысты шығыстарды корпоративтік төлем карточкасын пайдалана отырып төлеу кезінде азаматтық-құқықтық мәміле тіркеу талап етілмейді. Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбеге енгізілген ерекше қауіпті мал ауруларының ошақтарын жоюды жүзеге асыратын арнайы автомобиль көліктеріне жанармай құюға арналған ЖЖМ құнын төлеуге байланысты мемлекеттік мекемелердің шығыстарын төлеу кезінде ветеринарлық бақылау посттарында көлік құралдарын дезинфекциялау, мемлекеттік органдардың шешімі бойынша малдардың аса қауіпті жұқпалы аурулармен ауырған малдарды алып қою және жою, сондай-ақ малдардың аса қауіпті жұқпалы аурулармен ауырған малдарды жою мақсатында корпоративтік төлем карточкасын пайдаланумен ЖЖМ сатып алу кезінде азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеу талап етілмейді. 100 еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомаға шығыстар бойынша төлемдер азаматтық-құқықтық мәміле жасаспай жүргізу шот-фактураның немесе тауарларды беру туралы жүкқұжаттың (актінің) немесе

					орындалған жұмыстар актісінің немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа да құжаттың көшірмесін қоса бере отырып төлеуге берілген шот негізінде жүзеге асырылады.
			149	Өзге де қорларды сатып алу	141-144 ерекшеліктері бойынша көрсетілген шығындарды қоспағанда, бірлік үшін құны 40 еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын материалдармен қорларды сатып алу. Сондай-ақ, осы ерекшелік бойынша әскери мақсаттағы заттар мен материалдарды сатып алуға арналған шығындары көрсетіледі. Тауарларды (жұмыстар мен қызметтерді) беруге арналған азаматтық-құқықтық мәмілелер басқа: әкімшісі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі болып табылатын «Сыртқы саяси қызметті үйлестіру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы, «Қазақстан Республикасының Халықаралық ұйымдарға, басқа халықаралық және өзге органдарға қатысуы» бюджеттік бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасының шетелдегі елшіліктерінің шоттарына кейіннен аудару үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің шоттарына соманы аудару кезінде. 100 еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомаға шығыстар бойынша төлемдер азаматтық-құқықтық мәміле жасаспай жүргізу шот-фактураның немесе тауарларды беру туралы жүкқұжаттың (актінің) немесе орындалған жұмыстар актісінің немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа да құжаттың көшірмесін қоса бере отырып төлеуге берілген шот негізінде жүзеге асырылады. Мемлекеттік саясатты іске асыратын және техникалық реттеу мен метрология саласында бақылау-қадағалау өкілеттіктерін жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелердің оларды іске асыру саласында олардың

					сапасы мен қауіпсіздігін мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыруға арналған тауарлар үлгілерін сатып алумен және сынақтан өткізумен байланысты шығыстарын корпоративтік төлем карточкасын пайдалана отырып, төлеу кезінде шартты тіркеу талап етілмейді.
		150		Қызметтер мен жұмыстарды сатып алу	
			151	Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу	Ыстық, суық су, кәріз үшін төлем; газ, электрэнергиясы үшін төлем; жылу энергиясы үшін ақы төлеу; коммуналдық қызметтерді уактылы төлемегені үшін өсімақы
			152	Байланыс қызметтеріне ақы төлеу	Телефондар үшін қалааралық сөйлесу; ұялы байланыс; почта-телеграф шығындары; үкіметтік байланыс; факс; электронды почта; арнайы байланыс; спутниктік байланыс; телетайп; радио және байланыстың басқа да түрлері үшін
					Тауарларды (жұмыстар мен қызметтерді) беруге арналған азаматтық-құқықтық мәмілелерден басқа: әкімшісі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі болып табылатын «Сыртқы саяси қызметті үйлестіру жөніндегі қызметтер» бағдарламасы Қазақстан Республикасының шетелдегі елшіліктерінің шоттарына кейіннен аудару үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шоттарына соманы аудару кезінде.
					Тауарларды (жұмыстар мен қызметтерді) беруге арналған азаматтық-құқықтық мәмілелерден басқа: әкімшісі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі болып табылатын «Сыртқы саяси қызметті үйлестіру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы, «Қазақстан Республикасының Халықаралық ұйымдарға, басқа халықаралық және өзге органдарға қатысуы» бюджеттік бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасының шетелдегі елшіліктерінің шоттарына кейіннен аудару үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шоттарына соманы аудару кезінде.
					Тауарларды (жұмыстар мен қызметтерді) беруге арналған

			153	Көліктік қызмет көрсетуге ақы төлеу	Көлікті жалдау; жабдықтарды, материалдарды, арнайы контингентті, қару-жарақ, әскери техниканы, әскерге шақырылғандарды тасымалдауға ақы төлеу және өзге де тасымалдар азаматтық-құқықтық мәмілелерден басқа: әкімшісі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі болып табылатын «Сыртқы саяси қызметті үйлестіру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша, «Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдарға, басқа халықаралық және өзге органдарға қатысуы» бюджеттік бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасының шетелдегі елшіліктерінің шоттарына кейіннен аудару үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің шоттарына соманы аудару кезінде. 100 еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомаға шығыстар бойынша төлемдерді азаматтық-құқықтық мәміле жасаспай жүргізу шот-фактураның немесе тауарларды беру туралы жүкқұжаттың (актінің) немесе орындалған жұмыстар актісінің немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа да құжаттың көшірмесін қоса бере отырып төлеуге берілген шот негізінде жүзеге асырылады.
					Тауарларды (жұмыстар мен қызметтерді) беруге арналған азаматтық-құқықтық мәмілелерден басқа: әкімшісі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі болып табылатын «Сыртқы саяси қызметті үйлестіру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша, «Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдарға, басқа халықаралық және өзге органдарға қатысуы» бюджеттік бағдарламасы

			154	Үй-жайды жалға алу төлемдері	Үй-жайды, ғимаратты жалға алу төлемдері. Жалға алынған үй-жайды, ғимараттарды ұстауға, коммуналдық қызметке, электр энергиясына, жылуға байланысты шығындар тиісті ерекшеліктер бойынша сыныпталады	бойынша Қазақстан Республикасының шетелдегі елшіліктерінің шоттарына кейіннен аудару үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің шоттарына соманы аудару кезінде. 100 еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомаға шығыстар бойынша төлемдерді азаматтық-құқықтық мәміле жасаспай жүргізу шот-фактураның немесе тауарларды беру туралы жүкқұжаттың (актінің) немесе орындалған жұмыстар актісінің немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа да құжаттың көшірмесін қоса бере отырып төлеуге берілген шот негізінде жүзеге асырылады. Қазынашылықтың аумақтық бөлімшелерінде қызмет көрсетілетін мемлекеттік мекемелер арасында жасалған шарттарды тіркеу жүзеге асырылмайды.
			155	Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде қызметтерге ақы төлеу	Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде қызметтерге ақы төлеу	
						Тауарларды (жұмыстар мен қызметтерді) беруге арналған азаматтық-құқықтық мәмілелерден басқа: жеке (ұжымдық) еңбек шарты бойынша шығыстарды төлеу кезінде; банк қызметтерін төлеу кезінде; штаттан тыс қызметкерлерге, оның ішінде еңбек шарттары бойынша жүргізушілерге еңбекақы төлеу кезінде; әкімшісі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі болып табылатын «Сыртқы саяси қызметті үйлестіру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша, «Шетелдегі

					Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтарын құқықтары мен мүдделерін қорғау және қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы және «Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерін орналастыру үшін шетелде жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алу және салу» бюджеттік бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасының шетелдегі елшіліктерінің шоттарына кейіннен аудару үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің шоттарына соманы аудару кезінде, «Қазақстан Республикасының Халықаралық Валюта Қорына, Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкіне, Халықаралық Қаржы Корпорациясына, Халықаралық Даму Қауымдастығына, Инвестициялар Кепілдігінің Көпжақты Агенттігіне, Инвестициялық Дауларды Реттеу жөніндегі Халықаралық Орталыққа, Еуропа Қайта Құру және Даму Банкіне, Азия Даму Банкіне, Ислам Даму Банкіне мүшелігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі Халықаралық орталықтың шығыстарын реттеу кезінде, халықаралық төрелік органдар мен шетелдік соттардың шешімдері бойынша шығарылған төрелік шығыстар мен сот шығыстарын төлеу кезінде. 100 еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомаға шығыстар бойынша төлемдер азаматтық-құқықтық мәміле жасаспай жүргізу шот-фактураның немесе тауарларды беру туралы жүккұжаттың (актінің) немесе орындалған жұмыстар актісінің немесе Қазақстан Республикасының
159	Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу	Шарт бойынша заңды және жеке тұлғалар көрсететін қызметтер, жұмыстар			

					заңнамасында белгіленген басқа да құжаттың көшірмесін қоса бере отырып төлеуге берілген шот негізінде жүзеге асырылады. Үкіметтік сыртқы қарыз қаражатын аударуды жүзеге асыратын банкке қызмет көрсеткені үшін комиссия төлеген кезде азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеу талап етілмейді. Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштерінің, әскери-көлік авиациясының әуе кемелеріне қызмет көрсетуге байланысты Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының алыс және жақын шетелге қызметтік іссапарларын төленуі корпоративтік төлем карточкасын пайдалана отырып төлеу кезінде азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеу талап етілмейді.
		160		Басқа да ағымдағы шығындар	
			163	Жалпыға бірдей міндетті орта білім қорының шығындары	Киім-кешек, аяқ киім, оқулықтар, оқу құралдарын, мектептік жазу құралдарын сатып алу; мектептерде азық-түлікпен қамтамасыз ету Тауарларды (жұмыстар мен қызметтерді) беруге арналған азаматтық-құқықтық мәмілелерден басқа: ақшалай көмек көрсету кезінде; санаториялық-курорттық мекемелерде және демалыс лагерлеріне жолдамалар сатып алу; мектеп оқушыларын мәдени-бұқаралық және спорттық іс-шараларға қатысуын қаржылай қамтамасыз ету. 100 еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомаға шығыстар бойынша төлемдерді азаматтық-құқықтық мәміле жасаспай жүргізу шот-фактураның немесе тауарларды беру туралы жүкқұжаттың (актінің) немесе орындалған жұмыстар актісінің немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа да құжаттың көшірмесін қоса бере отырып төлеуге

						берілген шот негізінде жүзеге асырылады.
2				Күрделі шығындар		
	4			Негізгі капиталды сатып алу		
		410		Негізгі құралдарды, материалдық емес және биологиялық активтерді сатып алу		
			411	Жер сатып алу	Мемлекеттің кез келген түрдегі жерді, ормандарды, ішкі суларды және пайдалы қазба орындарын сатып алуы. Егер, мемлекет сатып алатын жерде ғимарат тұрса, және ғимараттың құны жер құнынан жеке бағаланса, ғимаратты сатып алуға арналған 412-ерекшелікке жатқызылуы тиіс	Тауарларды (жұмыстар мен қызметтерді) беруге арналған азаматтық-құқықтық мәмілелерден басқа: әкімшісі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі болып табылатын «Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерін орналастыру үшін шетелде жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алу және салу» бюджеттік бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерінің шоттарына аудару және кейіннен есептеу үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің шоттарына соманы аудару кезінде.
			412	Үй-жайлар, ғимараттар, құрылыстар және б е р у қондырғыларын сатып алу	Үй-жайлар, ғимараттар, құрылыстар және беру қондырғыларын, сондай-ақ үй-жайлар, ғимараттар және құрылыстар орналасқан жерді сатып алу	Тауарларды (жұмыстар мен қызметтерді) беруге арналған азаматтық-құқықтық мәмілелерден басқа: әкімшісі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі болып табылатын «Сыртқы саяси қызметті үйлестіру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша, «Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерін орналастыру үшін шетелде жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алу және салу» бюджеттік бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасының шетелдегі елшіліктерінің шоттарына

						кейіннен аудару үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің шоттарына соманы аудару кезінде.
			413	Көлік құралдарын сатып алу	Көлік құралдарын сатып алу, сондай-ақ әскери мақсаттағы жабдықтарды сатып алу.	
			414	Машиналар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық мүккамал құралдарын сатып алу	Машиналар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық мүккамал құралдарын сатып алу, сондай-ақ әскери мақсаттағы көлік құралдарды сатып алу.	
			416	Материалдық емес активтерді сатып алу	Жеке объектілер болып табылмайтын материалдық емес активтерді сатып алу	
			417	Биологиялық активтерді сатып алу	Биологиялық активтерді сатып алуға.	
			419	Өзге де негізгі құралдарды сатып алу	411-414 ерекшеліктер бойынша көрсетілмеген өзге де негізгі құралдарын сатып алуға жұмсалатын шығындар	100 еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомаға шығыстар бойынша төлемдерді азаматтық-құқықтық мәміле жасаспай жүргізу шот-фактураның немесе тауарларды беру туралы жүкқұжаттың (актінің) немесе орындалған жұмыстар актісінің немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа да құжаттың көшірмесін қоса бере отырып төлеуге берілген шот негізінде жүзеге асырылады.
		420		Негізгі құралдың күрделі жөндеуі		
					Жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды және беру кондырғыларын күрделі жөндеу және қайта жаңарту, сондай-ақ күрделі жөндеу мен қайта жаңартумен	Тауарларды (жұмыстар мен қызметтерді) беруге арналған азаматтық-құқықтық

		421	Жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды және беру қондырғыларын күрделі жөндеу	айналысатын жұмысшылардың жалақысы (оның ішінде жалақысынан ұстап қалу), әлеуметтік салық, жинақтаушы зейнетақы қорларына жарналар үшін, жобалық (жобалық-сметалық) құжаттамаға, жобаларды сараптауға, инженерингтік қызметтерге, техникалық қадағалау қызметтеріне қажетті заттар, материалдар және жабдықтар сатып алу	мәмілелерден басқа: әкімшісі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі болып табылатын «Сыртқы саяси қызметті үйлестіру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерінің шоттарына аудару және кейіннен есептеу үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің шоттарына соманы аудару кезінде.
		422	Жолдарды күрделі жөндеу	Жолдарды және әуе айлақтарындағы ұшу-қону жолақтарын күрделі жөндеумен байланысты шығындар	
		423	Мемлекеттік кәсіпорындардың үй-жайларын, ғимараттарын, құрылыстарын күрделі жөндеу	Республикалық немесе коммуналдық меншіктегі ғимараттарды, құрылыстарды, жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау және кәріздеу жүйесін күрделі жөндеуге байланысты шығындар	Мемлекеттік мекеме мемлекеттік кәсіпорындардың үй-жайларын, ғимараттарын, құрылыстарын күрделі жөндеу үшін республикалық немесе коммуналдық меншіктегі мемлекеттік кәсіпорындарды қаржыландыруды жүзеге асыратын жағдайлардан басқа
		429	Басқа объектілерді күрделі жөндеу	431 - 432 - ерекшеліктерінде көрініс таппаған басқа объектілерді күрделі жөндеумен байланысты шығындар	
	430		Дамытуға бағытталған күрделі шығындар		
			Жаңа объектілерді салу	Жаңа объектілерді салуға және қолдағы объектілерді реконструкциялауға, оның ішінде күрделі	

			431	және қолдағы объектілерді реконструкциялау	жөндеуден және қайта жаңғыртудан басқа әскери мақсаттағы объектілерге арналған шығындар.	
			432	Жолдар салу	Күрделі жөндеуден басқа жолдарды салуға арналған шығындар.	
			433	Кемелерді салу және жеткізу	Кемелерді салу және жеткізу.	
			435	Мемлекеттік кәсіпорындардың жаңа объектілерін салу және қолдағы бар объектілерін реконструкциялау	Күрделі жөндеуден және қайта жаңғыртудан басқа ғимараттар мен құрылыстарды салу үшін республикалық немесе коммуналдық меншікте тұрған мемлекеттік кәсіпорындарды қаржыландыру.	